

№2 педагогикалық кеңес отырысының хаттамасынан үзінді
«Сарат мектеп-бөбекжай- балабақша кешені» КММ

2024 жыл "29" қазан

Төрайымы – Қайдақова Жанар Бекболатқызы

Хатшы – Кожагулова Самал Мергенбаевна

Қатысқандар: 26 педагог-мамандар

Қатыспағандар: жоқ

Күн тәртібі:

Сарат мектеп бөбекжай балабақша кешені КММ-нің мектеп алды даярлық тобының
1-тоқсандық есебі

1. Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Г.А.Умбетова

«Сарат мектеп-бөбекжай-балабақша кешені»КММ-нің 2024-2025 оқу жылының оқу жұмыс жоспары 2024 жылы 29 тамыздағы №1 педагогикалық кеңестің шешімі негізінде бекітілді.Оқу процесі дәстүрлі форматта оқытылады. Тәрбиеші Б.Сейтқалиева, стажы- 11 жыл, санаты-педагог-модератор.

2024-2025 оқу жылында мектеп алды сыныбында 7-тәрбиеленуші бар №348 бұйрық негізінде оқу жоспар құрылып,апталық циклограмма құрылды.Қыркүйек айында балалардың даму деңгейін бақылау негізінде мониторинг жүргізілді.Балаларға ұйымдастырылған оқу қызметінде бес дағды толық қалыптасады,барлық ұйымдастырылған оқу іс әрекеті ойын түрінде және көрнекілік арқылы қалыптасады.

Мектепалды сыныптардағы сабақтардың барынша рұқсат етілген саны – ұзақтығы 20-25минуттан төрт сабақтан аспайды. Топта вариативтік бағдарламалар жүзеге асырылуда. Мектепалды сыныпта «Ұлттық ойындар» «Өнерлі екен, он саусақ» вариатив сағаттары жүргізіледі.

Мектепалды сыныбының негізгі міндеттері:

- балаларда оқу әрекетінің ұйымдастырылған мінез-құлқының дағдыларын қалыптастыру (танымдық белсенділік, шығармашылық);
- мектепке оқу үшін қажетті болашақ бірінші сынып оқушысының жеке қасиеттерін қалыптастыру (жауапкершілік, зейінділік, дербестік, ынталық);
- ұжымдық әрекетте бірлесіп әрекет ету дағдыларына тәрбиелеу (құрдастарына көмек көрсету, жұмыс нәтижелерін бағалау және т. б.);
- балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, мектепке дейінгі ұйымнан мектепке көшу кезінде сабақтастықты және табысты бейімделуді қамтамасыз ету;
- баланың мектепке эмоционалды-оң көзқарасын, оқуға деген ынтасын дамыту.

2024 жылдың 14-18 қазан аралығында ата-аналарға арналған ашық есік күні өткізілді. Іс-шара барысында тәрбиеші топтың күнделікті оқу-тәрбие үдерісін таныстырып, балалардың белсенді қатысуымен түрлі ойындар мен жаттығулар ұйымдастырды. Ата-аналар өз балаларының топтағы жетістіктерімен танысып, сұрақтарына жауап алды. Сонымен қатар сауат ашу пәнінен “Сауат ашу әлеміне саяхат” тақырыбында ашық сабақ өтіп, ата-аналар балалардың оқу дағдылары, дыбыстарды ажырату, буындап оқу және сөз құрастыру бойынша жұмыстарымен танысты. Мақсатымыз, ата-аналарды МАД тобының оқу-тәрбие үдерісімен таныстыру; сауат ашу дағдыларын; тәрбиеленушілердің қызығушылығын арттыру және өз ойларын еркін жеткізуге үйрету еді.

Қорытынды

I тоқсанда жоспарланған оқу-тәрбие жұмыстары толық орындалды. Балалардың ұжымда әрекет етуі, сөйлеу дағдылары, танымдық қызығушылығы артып, мектепке дейінгі негізгі біліктер қалыптаса бастады.

Ұсыныс:

1. Дыбыстық талдауға арналған жаттығуларды көбейтуге, оқу қарқынын дамытуға, топтық жұмысты күшейтуге жұмыс жасау.
2. Жас ерекшеліктеріне сай дидактикалық ойынды күнделікті оқу қызметеріне қолдану, жоспар бойынша жүргізілсін.

Қаулы:

1. Мектепалды даярлық тобының I тоқсандық есебі «қанағаттанарлық» деп танылсын
2. Осы қаулының орындалуын бақылау оқу ісі жөніндегі орынбасар Г.А. Умбетоваға жүктелсін.
3. Дыбыстық талдауға арналған жаттығуларды көбейтуге, оқу қарқынын дамытуға, топтық жұмысты күшейтуге жұмыс жасау.
4. Жас ерекшеліктеріне сай дидактикалық ойынды күнделікті оқу қызметеріне қолдану, жоспар бойынша жүргізілсін.

Педагогикалық кеңес хатшысы:

Педагогикалық кеңес хатшысы:



[Signature]
[Signature]

Ж.Б.Қайдақова

С.М. Кожангулова